

"BCC INVEST" АҚ басқаруындағы
Зейнетақы активтері жөніндегі
инвестициялық комитеттің шешімімен
КЕЛІСІЛДІ
2021 жылғы "18" ақпандағы №1
хаттама.

BCC INVEST "АҚ
Басқармасының 2021 жылғы "18"
ақпандағы №02/18 Шешімімен
КЕЛІСІЛДІ

"BCC INVEST" АҚ
Директорлар Кеңесінің
2021 жылғы "19" ақпандағы
Қаулысымен
№02/19БЕКІТІЛДІ

Зейнетақы активтерін сенімгерлік басқару бойынша инвестициялық декларация

I. Жалпы ережелер

1.1. Осы инвестициялық декларация (бұдан әрі-Декларация) "Бағалы қағаздар нарығы туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 2 шілдедегі № 461-ІІ Заңымен, "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" 2013 жылғы 21 маусымдағы № 105-V Заңмен белгіленген талаптарға, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2014 жылғы 03 ақпандағы №10 қаулысымен бекітілген Инвестициялық портфельді басқару бойынша қызметті жүзеге асыру қағидаларына және Қазақстан Республикасының сенімгерлік басқаруға берілген және қабылданған н басқару бойынша қызметті реттейтін басқа да нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ Басқарушының ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес құрастырылған.

1.2. Декларация инвестициялау объектілерінің тізбесін, сенімгерлік басқаруға берілген және қабылданған зейнетақы активтеріне қатысты инвестициялық қызметтің мақсаттарын, стратегияларын, шарттары мен шектеулерін, сенімгерлік басқаруға берілген және қабылданған зейнетақы активтерін хеджирлеу және әртараптандыру шарттарын айқындайды.

1.3. Өзгерістер мен толықтырулар декларацияға Қазақстан Республикасының заңнамасына және уәкілетті органның нормативтік-құқықтық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілген жағдайда, сондай-ақ Тараптардың бастамасы мен келісімі бойынша енгізілуі мүмкін.

1.4. Өзгерістер мен толықтырулар декларацияға Тараптардың жазбаша келісімі бойынша осы декларацияның ажырамас бөлігі болып табылатын зейнетақы активтерін сенімгерлік басқару туралы шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын қосымша келісімдерге қол қою арқылы енгізіледі.

1.5. Қазақстан Республикасының заңнамасына енгізілген өзгерістер салдарынан осы Декларацияның бір немесе бірнеше ережелерінің жарамсыздығы оның қалған ережелерінің жарамсыздығына әкеліп соқтырмайды. Бұл ретте Декларацияның Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына қайшы келетін ережелері жарамсыз болып саналады. Бұл жағдайда Басқарушы заңнама нормаларын басшылыққа алады. Басқарушы декларацияға өзгерістер мен толықтырулар енгізілгенге дейін осы Декларацияда аталған күші жойылған заңнамалық актілердің орнына қабылданған заңнамалық актілерді басшылыққа алатын болады.

1.6. Басқарушы компанияның толық атауы – **"BCC INVEST" Акционерлік қоғамы - "Банк ЦентрКредит" АҚ-ның еншілес ұйымы**

- Басқарушы компанияның инвестициялық портфельді басқару бойынша қызметті жүзеге асыруға лицензиясы – қызметтің келесі аталған түрлерін қамтитын инвестициялық портфельді басқару бойынша қызметті жүзеге асыруға лицензиясы: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкпен берілген (қайта ресімделген) 2018 жылғы 10 шілдедегі № 3.2.235/12 Ерікті зейнетақы жарналарын тарту құқығынсыз инвестициялық портфельді басқару бойынша қызмет

- Заңды мекенжайы: Қазақстан Республикасы, А05G1D2, Алматы қ., Панфилов к-сі, 98.

- Нақты орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, А05G1D2, Алматы қ., Панфилов к-сі, 98.

1.7. Кастодиан банктің толық атауы - **"Ресей жинақ банкі" Акционерлік Қоғамының Еншілес банкі.**

- Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің кастодиандық қызметті жүзеге асыруға берген 2020 жылғы 3 ақпандағы №1.2.199/93/31 лицензиясы

- Заңды мекенжайы: 050059, Алматы қ., Әл-Фараби даңғылы, 13/1 үй, "Нұрлы Тау"ҚҚО.

- Нақты орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 050026, Алматы қ., Қарасай батыр көш, 125, 3 қабат.

II. Терминдер мен анықтамалар

2.1. Декларацияның мақсаттары үшін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2014 жылғы 03 ақпандағы № 10 қаулысымен бекітілген Инвестициялық портфельді басқару бойынша қызметті жүзеге асыру қағидаларында келтірілген терминдер мен анықтамалар пайдаланылады.

III. Зейнетақы активтерін инвестициялаудың мақсаттары мен стратегиялары

3.1. Зейнетақы активтерін инвестициялаудың мақсаты сенімгерлік басқаруға берілген және қабылданған зейнетақы жинақтарының сақталуын қамтамасыз ету және сенімгерлік басқаруға берілген және қабылданған зейнетақы жинақтары салымшыларының (алушыларының) мүдделері үшін инвестициялық кірісті алу болып табылады.

3.2. Зейнетақы активтерін инвестициялау зейнетақы жинақтары салымшыларының (алушыларының) мүддесі үшін жүзеге асырылады.

3.3. Зейнетақы активтерін инвестициялау стратегиясы активтердің әртүрлі сыныптарын оңтайлы үйлестіру, географиялық және салалық әртараптандыру және тәуекелдерді басқару жүйесін қолдану есебінен зейнетақы активтері құнының сақталуын қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін тәуекелдің қабылданған деңгейі кезінде құн өсімінен, пайыздық кірістен және қайта инвестициялаудан кіріс алу жолымен ұзақ мерзімді перспективада нақты кірістілікті алуға бағытталған.

3.4. Басқарушы инвестициялық стратегияны айқындау кезінде жаһандық макроэкономикалық жағдайды, экономикалық циклдің фазасын, капитал нарықтарындағы үрдістер мен трендтерді назарға алатын болады. Кірістілікті және әртараптандыруды арттыру мақсатында активтердің едәуір үлесі халықаралық нарықтарда айналыстағы құралдарға бағытталатын болады. Портфельдің теңгелік бөлігі негізінен тіркелген кірістілігі бар құралдарға – мемлекеттік облигацияларға, квазимемлекеттік сектор эмитенттерінің облигацияларына және корпоративтік облигацияларға, сондай – ақ өтімділікті басқару үшін-ақша нарығының құралдарына (репо операциялары мен депозиттер) инвестицияланатын болады. Портфельдің валюталық бөлігі негізінен үлестік құралдарға – индекстік қорларға, акцияларға және депозитарлық қолхаттарға, сондай-ақ "қатты валюталарға" номинацияланған еурооблигацияларға, облигациялардың индекстік қорларына және баламалы құралдарға инвестицияланатын болады. Активтер сыныптарының салмағы, географиялық және салалық аллокация макроэкономикалық жағдай мен нарықтық трендтерді негізге ала отырып, осы декларацияда белгіленген ең жоғары лимиттер шегінде айқындалатын болады.

IV. Инвестициялау объектілерінің тізбесі, инвестициялау лимиттері, мәмілелер түрлері, инвестициялық қызметке қатысты шарттар мен шектеулер

4.1. Сенімгерлік басқаруға берілген және қабылданған зейнетақы активтері уәкілетті органның нормативтік-құқықтық актісімен бекітілген сенімгерлік басқаруға берілген және қабылданған зейнетақы активтері есебінен сатып алуға рұқсат етілген инвестициялау объектілерінің тізбесіне сәйкес осы Декларацияда айқындалған қаржы құралдарына инвестицияланады.

4.2. Сенімгерлік басқаруға берілген және қабылданған зейнетақы активтері келесі аталған инвестициялау объектілеріне инвестицияланады:

Кесте 1. Инвестициялаудың тиісті ең жоғары лимиттерімен инвестициялау объектілерінің тізбесі

№	Инвестициялау объектілерінің атауы	Инвестициялаудың ең жоғары лимиті, таза активтер құнынан пайызбен
1	Ұлттық валютадағы ақша қаражаты-теңге (KZT).	100
2	Standard & Poor 's (Стандарт энд Пурс) агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "BBB" - тен төмен емес тәуелсіз рейтингке немесе Moody 's Investors Service (Мудис Инвесторс Сервис) немесе Fitch (Фич) агенттіктерінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағаға ие елдердің шетел валютасы.	50
3	Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен шығарылған Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары (оның ішінде шет мемлекеттердің заңнамасына сәйкес эмиссияланған), сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің кепілдігімен және (немесе) кепілгерлігімен шығарылған бағалы қағаздары.	100

4	Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдарымен шығарылған борыштық бағалы қағаздары.	25
5	Акцияларының жүз пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі болатын заңды тұлға шығарған борыштық бағалы қағаздары.	50
6	Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес "Қазақстанның Даму Банкі", "Самұрық-Қазына" Ұлттық әл-ауқат қоры", "Бәйтерек "Ұлттық басқарушы холдингі", "Проблемалық кредиттер қоры" Акционерлік қоғамдарымен шығарылған борыштық бағалы қағаздар.	50
7	Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі салымдар келесі аталған шарттардың біріне сәйкес келген кезде банктердің Standard & Poor 's (Стандарт энд Пурс) агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "BB -" - тен төмен емес ұзақ мерзімді кредиттік рейтингке немесе Moody 's Investors Service (Мудис Инвесторс Сервис) немесе Fitch (Фич) агенттіктерінің ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағаға немесе Standard & Poor 's (Стандарт энд Пурс) ұлттық шкаласы бойынша "kzA -" - тен төмен емес рейтингтік бағаға ие болады; Банктер Standard & Poor 's (Стандарт энд Пурс) агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "A-" -тен төмен емес ұзақ мерзімді кредиттік рейтингке немесе Moody 's Investors Service (Мудис Инвесторс Сервис) немесе Fitch (Фич) агенттіктерінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасына ие еншілес банктер – резидент банктер, ал Бас банктер резидент емес банктер болып табылады.	50
8	Standard & Poor 's (Стандарт энд Пурс) агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "A-" - тен төмен емес ұзақ мерзімді рейтингке немесе Moody 's Investors Service (Мудис Инвесторс Сервис) немесе Fitch (Фич) агенттіктерінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағаға ие резидент емес банктердегі салымдар..	25
9	Standard & Poor 's (Стандарт энд Пурс) агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "BB+" - тен төмен емес рейтингтік бағаға немесе Moody 's Investors Service (Мудис Инвесторс Сервис) немесе Fitch (Фич) агенттіктерінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағаға ие келесі аталған халықаралық қаржы ұйымдары шығарған борыштық бағалы қағаздар: Азия Даму Банкі (the Asian Development Bank); Америкааралық даму банкі (the Inter-American Development Bank); Африка Даму Банкі (the African Development Bank); Еуразиялық Даму Банкі (Eurasian Development Bank); Еуропа Қайта Құру және даму банкі (the European Bank for Reconstruction and Development); Еуропалық инвестициялық банк (the European Investment Bank); Еуропалық Кеңестің Даму Банкі (the Council of Europe Development Bank); Жеке секторды дамыту жөніндегі Ислам корпорациясы (the Islamic Corporation for the Development of the Private Sector); Ислам Даму Банкі (the Islamic Development Bank); Көпжақты инвестициялық кепілдік агенттігі (the Multilateral Investment Guarantee Agency); Скандинавия инвестициялық банкі (the Nordic Investment Bank); Халықаралық Валюта Қоры (the International Monetary Fund); Халықаралық даму қауымдастығы (The International Development Association); Инвестициялық дауларды реттеу жөніндегі халықаралық орталық (the International Centre for Settlement of Investment Disputes); Халықаралық қайта құру және даму банкі (the International Bank for Reconstruction and Development); Халықаралық қаржы корпорациясы (the International Finance Corporation).	50
10	Standard & Poor 's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "BB+" - тен төмен емес тәуелсіз рейтингіне немесе басқа	50

	рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингіне, шет мемлекеттердің орталық үкіметтері шығарған мемлекеттік мәртебесіне ие бағалы қағаздар.	
11	Шетелдік ұйымдар шығарған мемлекеттік емес бағалы қағаздар: Standard & Poor 's (Стандарт энд Пурс) агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "BB" - дан төмен емес рейтингтік бағасына немесе Moody 's Investors Service (Мудис Инвесторс Сервис) немесе Fitch (Фич) агенттіктерінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасына ие шетелдік эмитенттердің акциялары; негізгі қор индекстерінің құрамына кіретін шетелдік эмитенттердің акциялары және базалық активі осы акциялар болып табылатын депозитарлық қолхаттар; Standard & Poor 's (Стандарт энд Пурс) агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "BB" - дан төмен емес рейтингтік бағасына немесе Moody 's Investors Service (Мудис Инвесторс Сервис) немесе Fitch (Фич) агенттіктерінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасына ие борыштық бағалы қағаздар.	50
12	Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының ұйымдарымен шығарылған мемлекеттік емес бағалы қағаздар: қор биржасындағы инвесторлардың кең ауқымы ішіндегі көпшілік ұсыныс (сату) шеңберінде орналастырылған (орналастырылатын) Қазақстан Республикасының квазимемлекеттік секторы эмитенттерінің акциялары және (немесе) осы акциялар базалық актив болып табылатын депозитарлық қолхаттар; қор биржасының ресми тізіміне енгізілген, алаңының "акциялар" секторының "премиум" санатының талаптарына сәйкес келетін қор биржасының ресми тізімінің "негізгі" заңды тұлғалардың акциялары және базалық активтері осы акциялар болып табылатын депозитарлық қолхаттар; негізгі қор индекстерінің құрамына кіретін заңды тұлғалардың акциялары; Standard & Poor 's (Стандарт энд Пурс) агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "B+" - тен төмен емес рейтингтік бағаға немесе Moody 's Investors Service (Мудис Инвесторс Сервис) немесе Fitch (Фич) агенттіктерінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағаға немесе Standard & Poor 's (стандарт энд Пурс) ұлттық шкаласы бойынша "kzBBB" - тен төмен емес рейтингтік бағаға ие борыштық бағалы қағаздар; бұрын шығарылған бағалы қағаздарға немесе осы эмитенттің өзге міндеттемелеріне айырбастау мақсатында эмитенттің міндеттемелерін қайта құрылымдау шеңберінде шығарылған бағалы қағаздар	50
13	Morningstar рейтингтік агенттігінің "3 жұлдызынан" төмен емес рейтингтік бағасына ие Exchange Traded Funds (Эксчейндж Трэйдэд Фандс), Exchange Traded Commodities (Эксчейндж Трэйдэд Коммодитис), Exchange Traded Notes (Эксчейндж Трэйдэд Ноутс) пайлары;	50
14	Қор биржасының ресми тізімінің "аралас" алаңының "инвестициялық қорлардың бағалы қағаздары" секторының талаптарына сәйкес келетін, қор биржасының ресми тізіміне енгізілген, басқарушы компаниясы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған заңды тұлға болып табылатын аралық инвестициялық пай қорларының пайлары.	25
15	Лондон бағалы металдар нарығының қауымдастығы (London bullion market association), оның ішінде он екі айдан аспайтын мерзімге Standard & Poor 's агенттігінің "AA"-дан төмен емес рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасының бейрезидент банктерінде қабылдаған және осы қауымдастықтың құжаттарында "Лондондық сапалы жеткізу" ("London good delivery") стандарты ретінде белгіленген халықаралық сапа стандарттарына сәйкес келетін тазартылған бағалы металдар мен металл депозиттер	25

16	Осы қосымшаға сәйкес базалық активі есебінен сатып алуға рұқсат етілген қаржы құралдары болып табылатын хеджирлеу мақсатында жасалған келесі аталған туынды қаржы құралдары: опциялар; фьючерстер; форвардтар; своптар; жоғарыда аталған туынды қаржы құралдарының комбинациясы болып табылатын туынды қаржы құралдар.	хеджирлеу нысанасы болып табылатын базалық активтерге арналған лимит шегінде
----	---	--

4.3. Зейнетақы активтері есебінен осы зейнетақы активтерін есепке алуды және сақтауды жүзеге асыратын кастодианның банк шоттарындағы шетел валютасындағы қалдықтарды қоса алғанда, шетел валютасында номиналданған қаржы құралдарына инвестициялардың жиынтық мөлшері сенімгерлік басқаруға берілген және қабылданған зейнетақы активтері құнынан 50 (елу) пайызынан кем болады.

4.4. Бір тұлға және оның үлестес тұлғалары шығарған (берген) қаржы құралдарына зейнетақы активтері есебінен инвестициялардың жиынтық мөлшері сенімгерлік басқаруға берілген және қабылданған зейнетақы активтері құнынан 10 (он) пайыздан аспауға тиіс.

Декларацияның осы тармағының бірінші бөлігінде бір-біріне қатысты үлестес тұлғалармен шығарылған (ұсынған) инвестициялардың жиынтық мөлшері бөлігінде белгіленген шектеулер дауыс беретін акцияларының 50 (елу) пайызынан астамы мемлекетке немесе ұлттық басқарушы холдингке тиесілі үлестес тұлғалар бір-біріне қатысты шығарған (ұсынған) қаржы құралдарына қатысты қолданылмайды.

4.5. Зейнетақы активтері есебінен Эмитенттің бір шығарылымының борыштық бағалы қағаздарына инвестициялардың жиынтық мөлшері Эмитенттің осы шығарылымының орналастырылған борыштық бағалы қағаздарының жалпы санынан 50 (елу) пайызынан кем болады.

4.6. Қазақстан Республикасының ұйымы шығарған акцияларға, оның ішінде депозитарлық қолхаттардың базалық активі болып табылатын акцияларға зейнетақы активтері есебінен инвестициялардың жиынтық мөлшері осы эмитенттің дауыс беретін акцияларының жалпы санынан 10 (он) пайызынан кем болады.

4.7. Басқарушыда сенімгерлік басқарудағы клиенттер активтері мен басқарушының меншікті активтерінің Қаржы нарығы лицензиаттарының дауыс беретін акцияларына инвестицияларының жиынтық көлемі оларды сатып алуға уәкілетті органның келісімін алуды талап ететін мөлшерден аз болуға тиіс.

4.8. Инвестициялау объектілерінің түрлері бойынша (қаржы құралдарының түрлері бойынша) инвестициялау лимиттерін инвестициялық комитет осы декларацияда белгіленген ең жоғары лимиттер шегінде белгілейді.

4.9. Инвестициялық комитет макроэкономикалық болжамдар мен капитал нарығы бойынша күтулерге сүйене отырып, инвестициялаудың өңірлік және салалық лимиттерін белгілейді.

4.10. Сенімгерлік басқаруға берілген және қабылданған зейнетақы активтері есебінен жасалатын мәмілелер инвестициялық комитет қабылдайтын инвестициялық шешімдер негізінде жасалады.

4.11. Сенімгерлік басқаруға берілген және қабылданған зейнетақы активтері есебінен жасалатын мәмілелердің түрлері:

- ұйымдастырылған нарықта қаржы құралдарын сатып алу / сату;
- ұйымдастырылмаған нарықта қаржы құралдарын сатып алу / сату;
- бағалы қағаздарды аудару және айырбастау;
- шетел валютасын сатып алу / сату;
- ақша нарығында қаражатты "кері РЕПО" операциялары арқылы "автоматты" тәсілмен орналастыру;
- ақша нарығында "тікелей РЕПО" операциялары арқылы "автоматты" тәсілмен қаражат тарту;
- банктердегі салымдардан ақша қаражатын орналастыру және алып қою;
- хеджирлеу мақсатында жасалатын туынды қаржы құралдарымен мәмілелер.

4.12. Сенімгерлік басқаруға берілген және қабылданған зейнетақы активтері есебінен жасалатын мәмілелерді жасау шарттары "Зейнетақымен камсыздандыру туралы" заңнамада, уәкілетті органның нормативтік - құқықтық актілерінде, сенімгерлік басқару шартында, осы декларацияда белгіленген талаптарға қайшы келмеуге тиіс, оған қоса шектелуге тиіс:

- нарық түрі бойынша талаптар;
- мәміле бойынша қарсы әріптеске қойылатын талаптар;
- нарықты айла-шарғы жасауға қарсы талаптар.

4.13. Зейнетақы активтері есебінен берілген және сенімгерлік басқаруға қабылданған қайталама нарықтағы бағалы қағаздармен, сондай-ақ туынды қаржы құралдарымен мәмілелер тек қана қор биржасында жасалады:

- 1) эмитенттің инвестициялық портфельдегі облигацияларды акцияларға айырбастауы;
- 2) басымдықпен сатып алу құқығын іске асыру;
- 3) эмитенттің инвестициялық портфельдегі бар акцияларды сатып алу талаптары;

- 4) қор биржасы делистингке тартқан бағалы қағаздарды өткізу;
- 5) эмитенттің міндеттемелерін қайта құрылымдау мақсатында шығарылған эмитенттің бағалы қағаздары мен өзге де міндеттемелерін осы эмитенттің басқа да бағалы қағаздарына айырбастау;
- 6) сауда-саттық мәмілелерін жасасу кезінде қор биржасымен ашылмаған бағалы қағаздарды өткізу;
- 7) эмитенттің өз бағалы қағаздарын сатып алуы;
- 8) Қазақстан Республикасының резидент-эмитенттермен және Қазақстан Республикасының бейрезиденттер-эмитенттермен шығарылған (ұсынылған), халықаралық (шетелдік) қаржы нарықтарында сатылатын қаржы құралдарын сатып алу-сату бойынша халықаралық (шетелдік) нарықтарда мәмілелер жасасу;
- 9) "Астана" Халықаралық қаржы орталығының аумағында жұмыс істейтін қор биржасында мәмілелерді жасасу;
- 10) Декларацияның 4.16 тармақтарда көзделген талаптарды ескере отырып жасалған туынды қаржы құралдарымен мәмілелер жасасу;

4.14. Қор биржасында жасалатын бағалы қағаздарды сатып алу-сату мәмілелері, бағалы қағаздарды бастапқы орналастыру кезінде сатып алу бойынша мәмілелерді қоспағанда, ашық сауда-саттық әдісімен жасалады.

4.15. Қор биржасында сенімгерлік басқаруға берілген және қабылданған зейнетақы активтері есебінен "кері репо" операциялары күнтізбелік 90 (тоқсан) күннен аспайтын мерзімге орталық контрагенттің қызметтерін қолдана отырып, "автоматты" тәсілмен жүзеге асырылады.

4.16. Қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша есеп айырысу шетелдік есеп айырысу ұйымдары арқылы "төлемге қарсы жеткізу" қағидаты бойынша жүзеге асырылатын жағдайда мәміле тарапының қаржы құралдарын беру бойынша міндеттемелерді өзге қаржы құралдарын алу бойынша талаптарды немесе орталық контрагенттің қызметтерін қолдана отырып, қарсы талаптарды орындауы мүмкін болмайтын зейнетақы активтері есебінен сенімгерлік басқаруға берілген және қабылданған мәмілелер бағалы қағаздардың халықаралық (шетелдік) нарықтарында жасалады

4.17. Сенімгерлік басқаруға берілген және қабылданған зейнетақы активтері есебінен туынды қаржы құралдарымен мәмілелер тек туынды қаржы құралдарының базалық активі зейнетақы активтерінің құрамына кіретін және декларацияның 1-кестесінің талаптарына сәйкес келетін жағдайда хеджирлеу мақсатында ғана жасалады.

4.18. Зейнетақы активтерін Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банк депозиттеріне (салымдарына) орналастыру мерзімі 36 (отыз алты) айдан, шетелдік банктерде – 12 (он екі) айдан аспайды.

4.19. Сенімгерлік басқаруға берілген және қабылданған зейнетақы активтері есебінен қаржы құралдарымен мәмілелер келесі аталғандармен жасалмайды:

- 1) инвестициялық портфельді басқарушының үлестес тұлғаларымен;
- 2) осы инвестициялық портфельді басқарушының ірі акционерлеріне тиесілі инвестициялық портфельді басқарушының сенімгерлік басқарушыларының акцияларымен;
- 3) инвестициялық портфельді басқарушының ірі акционерлерімен шығарылған сенімгерлік басқарушылардың сенімгерлік басқарушы акцияларымен және (немесе) инвестициялық портфелімен, басқарушының ірі акционерлерінің жарғылық капиталындағы қатысу үлестерімен;
- 4) декларацияның осы тармағының бірінші бөлігінің 2) және 3) тармақшаларында көрсетілген сенімгерлік басқарушылардың үлестес тұлғалары жүргізеді.

Қағидалардың осы тармағының бірінші бөлігінің талаптары ұйымдастырылған нарықта ашық сауда-саттық әдісімен жасалған мәмілелерге, сондай-ақ, Декларацияның 4.13-тармағының 1), 2), 3), 4) және 5) тармақшаларымен қарастырылған тармақшаларда көзделген жағдайларға қолданылмайды

Басқарушы сенімгерлік басқаруға берілген және қабылданған зейнетақы активтері есебінен декларацияның осы тармағының бірінші бөлігінде көрсетілген тұлғалармен шығарылған (берілген) үлестік қаржы құралдарын, көрсетілген үлестік қаржы құралдарына айырбасталатын борыштық қаржы құралдарын, сондай-ақ құрылымдық өнімдерді сатып алу бойынша шешімдер қабылдамайды.

Декларацияның осы тармағының үшінші бөлігінде көрсетілген құрылымдық өнімдер деп шығару шарттары осы қаржы құралдары бойынша негізгі борыш және (немесе) сыйақы сомалары төлемдерінің оларды шығару шарттарында берілген көрсеткіштерге қол жеткізуге және (немесе) оқиғалардың туындауына тәуелділігін көздейтін қаржы құралдары түсініледі.

4.20. Инвестициялық портфельді басқарушы зейнетақы активтері есебінен Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының инвестициялық портфелінің құрылымы туралы мәліметтерге сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің сенімгерлік басқаруындағы және инвестициялық портфельді басқарушылардың Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтері есебінен инвестициялардың жиынтық мөлшері болған жағдайда, Қазақстан Республикасының ұйымы шығарған, оның ішінде депозитарлық қолхаттардың базалық активі болып табылатын және Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры өзінің интернет-ресурсында жариялаған осы эмитенттің дауыс беретін акцияларының жалпы санынан 10 (он) пайызынан асатын акцияларды зейнетақы активтері есебінен сатып алу бойынша шешімдерді қабылдамайды

4.21. Ашық валюталық позиция және шығынның барынша жол берілетін мөлшері бойынша ең жоғары лимиттер.

№	Атауы	Максималды лимит, таза активтер құнынан пайызбен
1	Ашық валюталық позицияның ең жоғары үлесі	50%аз
2	Бүкіл портфель бойынша шығынның жол берілетін ең жоғары мөлшері	30%

V. Қор активтерін хеджирлеу және әртараптандыру талаптары

5.1. .1. Сенімгерлік басқаруға берілген және қабылданған зейнетақы активтерінің портфелін қалыптастыру кезінде жүзеге асырылатын инвестициялар қаржы құралдарының түрлері, бағалы қағаздардың түрлері, валюталардың түрлері, географиялық және салалық белгілері және басқа да өлшемдері бойынша әртараптандырылады.

5.2. Басқарушылардың хеджирлеу құралдарын пайдалануына уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес тәуекелдерді басқару жүйесі мен осы Декларацияда көзделген тәртіпте тәуекелдерді сақтандыру (хеджирлеу) мақсатында ғана жол беріледі.

5.3. Басқарушы Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған активтерді хеджирлеу мен әртараптандырудың кез келген нысандарын пайдаланады.

5.4. Басқарушының хеджирлеу құралдарын пайдалануы экономикалық орындылығы болған кезде жүзеге асырылады.

5.5. Хеджирлеу мақсатында басқарушы келесі аталған туынды қаржы құралдарына инвестицияларды жүзеге асыра алады:

- опцион-оған бір тарап (опцион сатушысы) екінші тарапқа (опционды сатып алушы) болашақта келісілген шарттарда келісілген баға бойынша базалық активті сатып алу немесе сату құқығын сататын туынды қаржы құралы. Опционды сатушы өзіне міндеттеме алуға тиіс болса, Сатып алушы құқықты алуға тиісті болады;
- своп-оған сәйкес тараптар келісілген шарттарда базалық активтер немесе болашақтағы базалық активтер бойынша төлемдерді айырбастау туралы уағдаласатын туынды қаржы құралы;
- форвард-сатып алушы (немесе сатушы) болашақта келісілген шарттарда базалық активті сатып алудың (немесе сатудың) белгілі бір мерзімі өткеннен кейін міндеттемені өзіне алатын туынды қаржы құралы;
- фьючерс-сатып алушы (немесе сатушы) ұйымдастырылған нарықта белгіленген стандартты шарттарға сәйкес базалық активті сатып алудың (немесе сатудың) белгіленген мерзімі өткеннен кейін міндеттемені өзіне алатын, тек ұйымдастырылған нарықта айналымға түсетін туынды қаржы құралы.

VI. Инвестициялық декларацияда айқындалған объектілерге инвестициялауға байланысты тәуекелдердің сипаттамасы

5.1. Сенімгерлік басқаруға берілген және қабылданған зейнетақы активтерінің портфелін қалыптастыру кезінде жүзеге асырылатын инвестициялар қаржы құралдарының түрлері, бағалы қағаздардың түрлері, валюталардың түрлері, географиялық және салалық белгісі және басқа да өлшемшарттары бойынша әртараптандырылады.

5.2. Басқарушылардың хеджирлеу құралдарын пайдалануына уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес тәуекелдерді басқару жүйесі мен осы Декларацияда көзделген тәртіпте тәуекелдерді сақтандыру (хеджирлеу) мақсатында ғана жол беріледі.

5.3. Басқарушы Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған активтерді хеджирлеу мен әртараптандырудың кез келген нысандарын пайдаланады.

5.4. Басқарушының хеджирлеу құралдарын пайдалануы экономикалық орындылығы болған кезде жүзеге асырылады.

5.5. Хеджирлеу мақсатында басқарушы келесі аталған туынды қаржы құралдарына инвестицияларды жүзеге асыра алады:

- опцион-оған сәйкес бір тарап (опцион сатушысы) екінші тарапқа (опционды сатып алушы) болашақта келісілген шарттарда келісілген баға бойынша базалық активті сатып алу немесе сату құқығын сататын туынды қаржы құралы. Опционды сатушы өзіне міндеттемені алуға, ал Сатып алушы құқықты сатып алуға тиісті болады;
- своп-оған оған сәйкес тараптар келісілген шарттарда базалық активтер немесе болашақтағы базалық активтер бойынша төлемдерді айырбастау туралы уағдаласатын туынды қаржы құралы;
- форвард-сатып алушы (немесе сатушы) болашақта келісілген шарттарда базалық активті сатып алудың (немесе сатудың) белгілі бір мерзімі өткеннен кейін міндеттемені өзіне алатын туынды қаржы құралы;
- фьючерс- тек ұйымдастырылған нарықта айналымға түсетін, сатып алушы (немесе сатушы) ұйымдастырылған нарықта белгіленген стандартты шарттарға сәйкес белгіленген мерзімі өткеннен кейін базалық активті сатып алу (немесе сатудың) міндеттемесін өзіне алатын туынды қаржы құралы.

VI. Инвестициялық декларациямен айқындалған объектілерге инвестициялауға байланысты тәуекелдердің сипаттамасы

6.1. Сенімгерлік басқаруға берілген және қабылданған, белгілі бір тәуекелдерге байланысты болатын, бірақ олармен шектелмейтін қаржы құралдарындағы зейнетақы активтерін инвестициялау:

- саяси жағдайды өзгерту, экспроприациялау, ұлттандыру, ерекше мемлекеттік мүдделер саласы болып табылатын экономика салаларына инвестицияларды шектеуге бағытталған саясатты жүргізу мүмкіндігіне, сондай-ақ энергия ресурстарына бағалардың төмендеуіне және өзге де мән-жайларға байланысты саяси және экономикалық тәуекелдер;
- көптеген қаржы институттарының өз міндеттемелерін орындай алмауына байланысты жүйелік тәуекелдер;
- валюта бағамдарының, пайыздық мөлшерлемелердің ауытқуларына байланысты нарықтық тәуекелдер, қаржы құралдарына бағалардың өзгеруіне байланысты залалдарды алу тәуекелдері;
- мәмілелер бойынша бағалы қағаздар эмитенттері мен контрагенттер тарапынан қабылданған міндеттемелерді орындамау мүмкіндігіне байланысты кредиттік тәуекелдер;
- активтерді қолайлы бағалар бойынша сату мүмкіндігінің болмауына байланысты нарықтық өтімділік тәуекелі;
- қолданыстағы заңнаманың өзгеруіне, сондай-ақ қор нарығындағы қатынастарды реттейтін заңдардың және өзге де нормативтік құқықтық актілердің жетілмегендігіне байланысты тәуекелдер;
- табиғи апаттар мен соғыс қимылдары сияқты форс-мажорлық жағдайлардың пайда болу қаупі.

6.2. Басқарушы сенімгерлік басқаруға берілген және қабылданған зейнетақы активтерін және өз активтерін басқару бойынша операцияларды жүзеге асыру барысында басқарушының қызметін регламенттейтін тәуекелдерді басқару бойынша саясатты басшылыққа алады. Ішкі құжаттарға сәйкес Басқарушы сенімгерлік басқаруға берілген және қабылданған зейнетақы активтерін басқару бойынша қызметке байланысты тәуекелдерді азайту шараларын қабылдайды және басқарушының бағалы

қағаздар нарығындағы қызметті жүзеге асыру процесінде туындайтын тәуекелдерді басқару бойынша өзара байланысты шаралар кешенін айқындайды.

VII. Сенімгерлік басқаруға берілген және қабылданған зейнетақы активтерін есепке алу және олардың құнын айқындау тәртібі

7.1. Сенімгерлік басқаруға берілген және қабылданған зейнетақы активтерін есепке алу және басқарушы сенімгерлік басқаруға берілген және қабылданған зейнетақы активтерін инвестициялайтын қаржы құралдарын бағалау нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9274 болып тіркелген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2014 жылғы 26 ақпандағы № 24 қаулысымен бекітілген Зейнетақы активтерін есепке алуды және бағалауды жүзеге асыру қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

7.2. Зейнетақы активтерін сенімгерлік басқару туралы шарт бойынша басқарушыға берілген зейнетақы активтері есебінен қалыптастырылған инвестициялық портфельді құрайтын активтерді есепке алуды және сақтауды кастодиан, басқарушы және Қор арасында жасалған кастодиандық шарт (бұдан әрі – үш жақты кастодиандық шарт) негізінде жүзеге асырады.

7.3. Басқарушы өзінің ішкі есепке алу жүйесінің деректерін олардың зейнетақы активтерін сенімгерлік басқару туралы шарт бойынша басқарушыға берілген зейнетақы активтерін есепке алуды және сақтауды жүзеге асыратын кастодианның және қордың деректеріне сәйкестігін үш жақты кастодиандық шартта белгіленген тәртіпте, мерзімде және кезеңділікпен салыстырып тексеруді жүргізеді.

7.4. Олардың негізінде салыстырып тексеру жүргізілген құжаттарды басқарушы салыстырып тексеру жүргізілген күннен бастап 5 (бес) жыл ішінде сақтауға тиіс.

VIII. Шығыстар мен сыйақылар

8.1. Басқарушыға комиссиялық сыйақы зейнетақы активтерін сенімгерлік басқару туралы шартта айқындалған тәртіпте төленеді.

8.2. Кастодианға комиссиялық сыйақы үш жақты кастодиандық шартта айқындалған тәртіпте төленеді.

8.3. Зейнетақы активтерін сенімгерлік басқару туралы шарт бойынша басқарушыға берілген зейнетақы активтері есебінен сенімгерлік басқаруға берілген және қабылданған зейнетақы активтерін сенімгерлік басқаруға байланысты шығыстар өтеледі.